

кадазда айқасқан. Ағуда екі ре үлкен соғыс жүргізген. Шұғай жынысының он жағындағы Төгүлден бергі жазықты өз иелігіне қаратты.

Осынша жерге билік жүргізген түркі «begleri: budunı: tüzсүz: ücün: Tabуаc budun: teblegin: körlüg: ücün: armaqçisın: ücün:» («бектері: халқы: тура жолда болмағандықтан: Табғаш халқының: тепкісін: көргендіктен: алданғандықтан:») бек ұлдары құл болды, сұлу қыздары күң болды. Табғаштың тіліне, дініне, салт-дәстүріне, азын-аулақ сыйына, қылымсыған қызына бойсұнған түрік бектері біржола табғаштанды (Күлтегін жазуын қараңыз). Тұқымы азды, елі жойылды. Жер-су атаулары әскери, діни, мәдени жаулаушылардың ықпалымен өзгеріске түсті.

Демек, тарих қатпарларынан орын алған көне түркі жазуларындағы атауларды зерттеу және оның қазіргі ғылымдағы мән-маңызын анықтау түркітанушы ғалымдардың міндеті болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Рашид-ад-дин. Сборник летописей. I том. 2 книга. М.-Л. 1952.

Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 16. Алматы. Жазушы, 1985.

Геродот. История: Скфия и поход Дария на скифов. Кн. 4. СПб. 1894.

Плиний (Старший). Естественная история // В кн. Древние авторы о Средней Азии. Ташкент, 1940.

Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М.-Л. Изд-во АН СССР, 1953.

Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. Алматы, 2003.

Ү. ЕРКІНБАЕВ,

Филология ғылымдарының кандидаты,

Сүлеймен Демирел университетінің доценті

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ, СТРУКТУРАЛИСТІК ЖӘНЕ СЕМИОТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Тарихы жиырмамыншы ғасырдың 60-70 жылдарынан бастау алатын әдебиеттану ғылымындағы бұл бағыттың әдістемелік ұстанымдары Соссюрдің құрылымдық лингвистикасы мен орыстың формалистік мектебіне негізделген. Структурализмнің Францияда өркен жайған мектебі (Клод Леви-Строс, Ролан Барт) көбіне философиялық сипат алғандықтан структурализмнен постструктурализмге жеңіл өтті. Бұл жерде (Р.О. Якобсон, Ю.Лотман) семиотикалық зерттеу тәсілінің де структурализмнің негізін құрағанын айта кету керек. Ал Мәскеудегі структуралды поэтиканың басты

өкілдері ретінде Вяч. Вс. Иванов, В. Н. Топоров, Б. А. Успенский, А. М. Пятигорский, Ю.М. Лотман, З. Г. Минц, Б. М. Гаспаров, П. А. Рудневтерді атап өтуге болады.

Структуралистік поэтиканың негізгі ұстанымы көркем мәтін бірлігінің жүйелілігі болды. Жүйелілік дегенде ең бастысы оның құрылымдық деңгейінің баспалдағына баса назар аударылды. Әуелгіде структуралды лингвистикадан бастау алған бұл тұжырымның негізгі ұстанымдары структуралистік поэтика басшылыққа алған кезеңдерде генеративті лингвистика тұрғысынан қайта қаралды. Бұл зерттеу тәсілінің құрылымдық деңгейінің жүйесі төмендегідей болды: фоника, метрика, грамматика, синтаксис, семантика (жалпылай алғанда мәтіннің мәні). Бұл жүйе бойынша структуралистер көбіне лирикалық өлеңдерді талдауды басты негіз етіп алды. Ал егер прозалық шығармалар талданған жағдайда фоника, метрикалардың орнын – туындының фабуласы мен сюжеті ондағы уақыт пен кеңістік басады.

Әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық тәсілдің ерекшелігі Герменевтика (грек тілінен аударғанда түйсіну) – мәтінді интерпретациялау теориясы және мағынаны түйсіну ғылымы. Герменевтика қазіргі батыс әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясының базалық құрылымы болып табылатын негізгі әдіснамалық қағидаларын зерделеуде кең тараған. Герменевтиканың этимологиясы ежелгі грек мифологиясынан тарайды. Ал қазіргі герменевтиканың гуманитарлық ғылымдардың саласындағы бесаспап әдіс ретінде бағаланып жүрген жайы бар. Тарихи мәліметтерді филологиялық тәсілдер арқылы зерттеу ретінде герменевтика әдеби жәдігерлерді тәпсірлеуде де едәуір салмағы бар.

Герменевтикалық тәсілдің тарихы үлкен екі кезеңнен тұрады. Бірі дәстүрлі классикалық та, екіншісі – қазіргі әдебиеттанулық герменевтика. Дәстүрлі филологиялық герменевтика мен қазіргі әдебиеттанулық герменевтиканың ара жігін Вильгельм Дильтей мен Георг Гадамер сынды философ ғалымдар ажыратып берген болатын. Түйсіну процессіндегі «тарихи аралық», «тарихи көзқарас» категориялары бұл мәселенің негізгі айқындауыш факторы болды. Әдеби герменевтика - өнер туындысын жеке дүние ретінде қарастыру мүмкін емес, өнер туындысы дәстүрлі мәдениеттің шынайы материалы болғандықтан оны сол мәдениет контекстінде түйсіну керек деп санайды.

Олардың бірден-бір ауқымды ұстанымдарының бірі зерттеу жұмысындағы дәлдік болса, ал сол дәлдікке жету жолында статистикалық мәліметтердің, ақпараттық теорияны, математика мен логиканың тәсілдерін қолданды. Философия ғылымындағы секілді әдебиетте де герменевтиканы түйсіну, түйсіну ілімі деп жүрміз. Түйсінудің (функция интерпретации) міндеті – өнердің, сөз өнерінің шынайы көркемдік құндылығын ұғындыру.

Қазіргі әдеби герменевтиканың ірі өкілі Виргини университетінің профессоры Эрик Дональд Хирш болып табылады. Оның осы саладағы негізгі зерттеулері ретінде – «Достоверность интерпретации» /1967/, «Три измерения герменевтики» /1972/, «Цели интерпретации» /1976/ деген еңбектерін атауға болады. Хирш герменевтиканың теориялық мәселелерінің түрлі әдеби мектептер мен бағыттарға қатыстылығын арнайы зерттейді. Ол шығарма авторының түпкі жоспарына ерекше мән береді. Сол себепті де ол авторлық ұстанымға қырын қарайтын тұжырымдарға қарсы шығады. Мұнымен қоса ол Ж. Дерридамен және структурализмнің, постструктурализмнің және деконструктивизмнің өкілдерімен де аса өткір полемикаға түседі.

Тарихи герменевтиканы гуманитарлық ғылымдардың фундаменті, жүйелі негізі деп білді. Алайда, қазіргі әдеби герменевтика бұл мәселелерді мақсатты түрде айналып өтіп, нақты әдіснамалар мен әдеби тәсілдер жасауды мақсат етеді. Алпысыншы жылдардың орта шеніне дейінгі батыс әдебиеттануындағы көркем туындыны өз ішінде ғана қарастыру үрдісінен арылған қазіргі әдеби герменевтика мәселе солай бола тұра, структуралистік, лингвистикалық, коммуникативтік тұжырымдарға арқа сүйеуге мәжбүр болды. Аталмыш бағыттарға арқа сүйеу арқылы қазіргі әдеби герменевтика дәстүрлі герменевтиканың интерпретация туралы ұғым-түсініктерін тарих қойнауында қалдыруға белсенді қызмет етуде. «Асылында сана һарекеті қандай болса да оның болмысы – түйсіну болады. Оның түйсінуден бөлек мақсаты болуы мүмкін емес» (Соловьев).

Постструктурализм – 1970-1980 жылдардағы философия мен гуманитарлық танымдар жүйесіндегі зерттеу тәсілі. Постструктурализмнің мақсаты – белгілі бір құрылымдық жүйедегі «құрылымдық емес» нәрсенің барлығын ұғыну, тілдік құрылым мен адам танымын бағамдаудағы қарама-қайшылықтарды айқындау, оқудың жаңа тәжірбиелерін ұсыну болып табылады.

Негізінен постструктурализмнің өкілдерінің дені Ролан Барт, Мишель Фуко, Жак Деррида, Жан Бодрийар, Юлия Кристева секілді француз ғалымдарынан тұрады.

Постмодернизм – бүгінгі пәлсафа мен өнердегі серке бағыттардың бірі болып саналады. Ең алдымен постмодернизмнің негізі модернизмнен бастау алады. Постмодернизм сөзінің өзі – «модернизмнен кейінгінің барлығы» дегенді білдіреді. Постмодернизмнің ізбасарлары ретінде философиялық әдіс ретіндегі деконструкция мен постструктурализмді атауға болады. Бұл екі тәсіл постструктурализм қағидаларына өте жақын. Олар жайында «тарих пен философияны, философия мен поэтиканы бірлестірді» деген пікір қалыптасқан. Постструктурализмнің негізгі нысаны – мәтін. Тіпті постструктурализмнің серке өкілдерінің бірі Жак Дерриданы мәтін мырза деп те атайды.

Постструктурализмнің зерттеу аясы (бір тырнағын ішіне бүгін үлкен мақсаттарға) әдеби пәлсафалық ізденістермен шектелсе, постмодернизм 80-жылдардың басында ақ, бірқатар ғылымдардың, өнер мен саясаттың теориялық негізіне әсер етуге талпынды. Бұл екі ағымның басты айырмашылығы да осы.

Постмодернизм үшін ең басты нәрсе – цитата. «Біз барлық сөз атаулының айтылып біткен дәуірінде өмір сүріп жатырмыз» (С. Аверинцев). Сондықтан да постмодернистік мәдениетте әрбір сөз де, әрбір әріп те цитата болып табылады.

1990 жылдары белең алған саяси алаңдағы бетбұрыс жекелеген ұлттардың сөз өнеріне де әсер етпей қоймады. Соны танымдық тәсілдерді меңгеруге жол ашты. Сөз өнерінің табиғатын нақты спецификалық терминдермен саралауға деген ұмтылыс басым болды. Бұрынғы социалистік реализм теориясының қауқарсыздығын қазақ әдебиеттанушылары да бірден ұғынды. Бұл сөз жоқ, тәуелсіздіктің жемісі болатын.

Көркем сөзді танудағы семиотикалық тәсілдің ерекшелігі Семиотика (терминдік мәні гректің «sema» - «белгі» деген сөзінен келеді.) – тілдік белгілер мен олардың қолданылу ерекшелігін қарастыратын теория. Алғашқылардың бірі болып «белгінің» үш негізгі сипатын американдық философ Чарлз Пирс айқындады. 1) белгінің белгіге қатыстылығы; 2) белгінің нені білдіретіне қатыстылығы; 3) белгі мен оны қолданатындардың ара қатыстылығы. Осыған орай, семиотика өз ішінде үш пәнге бөлінеді, олар: синтактика, семантика және прагматика.

Бастапқыда ғылыми айналымға жәй бір қатардағы көп теорияның бірі ретінде кірген семиотика, бүгінде гуманитарлық сала мамандарының үлкен қызығушылығын тудырып отырған ғылыми жүйеге айналды. Әдебиетті тану мен әдебиеттің теориялық сипатын саралайтын арнайы еңбектер мен оқу құралдарының бар екені белгілі. Олар өз кезеңінде әдебиеттісаралайтын нақты категориялар мен терминдердің жиынтығынан тұрады. Мұндай категориялар жүйесінде семиотика – белгі мен бораз түрінде беріледі. «Кез- келген белгі білдірілетін және білдіретін зат пен құбылыстың бірлігі, олар туралы ақпараттың иесі. Мәселен, біз көзбен көрмегенімізбен «арба», «стол» деген заттардың атын ести отырып, ол туралы бір түсінік қалыптастыра аламыз. Белгідегі ең бастысы мағына мен оның көрінісі. Белгілер жүйесінде мағына ең үлкен әрі аса маңызды категория. Тіл де, тарихта, махабат та бәрі-бәрі белгілер жүйесі. Олай болса белгі дегеніміз не? Белгі болудық шарттары қандай? Белгінің тәндік не жандық, не басқалай құндылықтар жүйесіндегі анықтамалық қасиеті бар ма? Бар болса оны қандай тұжырымдармен дәлелдейміз? XIX ғасыр басындағы бірқатар философтар заттар мен белгілердің ара- қатынасын ажыратуға талпынған болатын. Мұның қиындығы сол, кейбір жағдайларда белгі болып ұғыналатын нәрселер басқа бір құндылықтар жүйесінде жай ғана

қарапайым зат болуы мүмкін (мәселен, Құранды – Алланың сөзі деп қадірлеп қасиетті, күрделі ұғымдар мен белгілер ретінде де немесе жай көне кітап ретінде де қарастыратындар бар). Мәселен бұлай болғанда, жалпы белгі деген ұғымды қарастыру түрлі ғылымдар жүйесінде әрбір жағдайға байланысты әрқалай болады. Демек, бұл семиотиканың нақты спецификалық нысаны жоқ дегенді білдіреді. Әлбетте, бұл жерде семиотика ғылыми немен айналысады? деген заңды сұрақ туындайды. Осы мәселенің қыр сырына үңілген семиотик ғалым Ц. Тодаров оған төмендегідей анықтама береді:

«Здесь необходимо ввести родовое по отношению к понятию литературы понятие дискурса (discours). Это - структурная пара к функциональному концепту "употребления" (языкового) (usage). Почему необходимо это понятие? Потому, что языковые правила, обязательные для всех носителей языка, - это лишь часть правил, управляющих производством конкретной речевой продукции. В языке - с различной степенью строгости - закреплены лишь правила комбинирования грамматических категорий внутри фразы, фонологические правила, общепринятые значения слов. Между совокупностью этих правил, свойственных всем без исключения высказываниям, и конкретными характеристиками конкретного высказывания пролегает пропасть неопределенности. Эту пропасть заполняют, с одной стороны, правила, присущие каждому дискурсу в отдельности: официальное письмо составляют иным образом, нежели письмо интимное; а с другой - ограничения, которые накладывает ситуация высказывания: личность адресанта и адресата, условия места и времени, в которых возникает высказывание. Специфика дискурса определяется тем, что он располагается по ту сторону языка, но по эту сторону высказывания, т. е. дан после языка, но до высказывания».

Ал өзі бастапқыда семиотик ғалым болып келген Е. Горный болса бұл ғылымның теориялық тіректерін түгелдей жоққа шығарады. Жоғарыда семиотиканың нақты нысандық тұрғыдағы зерттеу аясының траксыз екенін сөз еттік. Енді мұның субъектілік анықтамасын алалық. Е. Горный бұл тұрғыда төмендегідей сезімнің жетегінде кетсе де, толықтай негізсіз де емес анықтама береді: «Семиотика как наука институционализируется самими семиотиками. Знаком семиотической ориентации научной работы (которая может быть посвящена чему угодно) является использование принятой семиотической терминологии (знак, код, сигнификация, семиозис и т.п.) вкупе со ссылками на другие семиотические труды. Таким образом, определение по субъекту может звучать так: "семиотика - это то, что люди, называющие себя семиотиками, называют семиотикой"».

Әлбетте, бір ғылымның негізгі теориялық тұжырымдарын түгелдей жоққа шығару үшін оны дәлелдеу керек. Және әрбір дәлелдің шынайылық дәрежесі мен ғылыми аппараты да үйлесім табу тиіс. Бұл тұрғыда Е. Горный

өз зерттеуінде теориялық һәм практикалық тұрғыда салмақты дәлелдер келтіреді. Асылында семантика мәселенің шынайылығынан гөрі сыртқы пішіндік сипатын саралайды. Құрғақ құрылымға «ұлы мағынаны» телиді. Әлбетте, бұл түйікке апарар тәсіл. Дегенмен мәселенің мәнін емес, сыртқы механизмін, прагматикалық (мұның өзі де шартты ұғым) тиімділігін айқындауда, семиотика таптырмайтын тәсіл екенін де айтуымыз керек.

Семиотиканың – «белгілер жүйесі туралы ғылым» деген шартты анықтамасы бар екені белгілі. Дегенмен мұның нақтылығы бірқатар күмән туғызбай қоймайды.

Бүгінде әлемдік әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық семиотикалық структуралистік, постмодернистік секілді бағыттардың әдістемелері ұлттық әдебиеттану ғылымында тың теориялық, аналитикалық талғау — талғамдармен толығуда. Шығарманың көркемдік табиғатына қатысты формалистік талдаулардың орнына көркем мәтіннің эстетикалық құндылығын бағамдайтын әрі мақсатты талдаулар келе бастады. Тәуелсіздіктің келуімен қатар әлемдік әдебиеттану ғылымындағы тың тұжырымдарды саралап, олардың ұлыттық сөз өнеріне берері бар ма, жоқ па деген мәселелерді қарастыруға мол мүмкіндік ашылды.

Мәселен, Т.Есембековтің орыс тіліндегі “Драматизм және қазақ прозасы” (1997), А.Ісімақованың “Қазақ көркем прозасы. Поэтика, жанр, стиль” (1998), Б.Жетпісбаеваның “Символ в движении литературы” (1999), С.Әшімханованың “Ғ.Мүсірепов прозасының поэтикасы” (1999), Х.Рүстемованың “Әнуар Әлімжанов прозасының поэтикасы” (1997), Г.Мучниктің “Коммуникативтік поэтика проблемалары” (1995), В.Савельеваның “Көркем текст және көркемдік әлем” (1996), “Көркемдік антропология” (1999) т.б. теориялық еңбектерде қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы теориялық мәселелер, көркем шығарманың ішкі табиғаты, олардың көркемдік-эстетикалық ізденістері, көркем мәтіндегі құндылықтар ғылыми дәлдікпен сараланады.

Кез – келген ұлттың сөз өнерінің даму, жетілу процесі әлемдік ақыл – ой қазынасымен бірлікте жүзеге асатын жайт. Бүгінде сан – алуан өркениеттік пәм мәдениеттік жүйенің түрлері баршылық. Бір жағынан алғанда олардың бар болуы қаншалықты заңдылықты болса, сөзді танудың түрлі зертеу тәсілдерін ұстанатын әдеби бағыттардың болуы да соншалықты заңды құбылыс. Тәсілдері әрқалай болғанымен әрбір ідеби мектептің мақсат түйістіретін жерлері – сөз өнерінің асыл қасиеттерін зерделеу болмақ. Сол себепті, де әдебиетті тануда біржақтылыққа орын жоқ екендігі айқындалып отыр.

Структуралистік, герменевтикалық семиотикалық зерттеу тәсілдерінің әрбірінің шығарма сөзге (А.Б.) деген өзіндік саралау әдістері бар. Осылардың қатарында, структуралистік, яғни көркем сөзді құрылымдық

поэтика тұрғысында саралау үлгілері қазақ әдебиеттануында да соңғы жылдары көбейіп отыр.

Көркем мәтіндегі күрделі «таңбалар жүйесін» прагматикалық мақсұтқа жеңдіріп айқындап беру – тәуелсіз кезеңіндегі әдебиеттанудың бірден-бір ұстанымына айналды. Мәселен, ауыз әдебиетінің үлгілерін алсақ, ондағы мағыналық тереңдік (герменевтикалық тәсілді қажет ететін), құрылымдық қасиеттің феномендік белгілері (структуралистік тәсілді қажет етеді), асыл сөздің түрлі деңгейдегі кодтары (семиотикалық зерттеу тәсілдеріне әбден негіз бола алады) бәрі бәрі жиылып келіп, ұлттық сөз өнеріне деген жаңаша әдістемелік зерттеу үлгілерін қажет ететіндігінен хабар береді. Әрине, болашақта бір жүйеге бағындырылатын мұндай тәсіл әлемдік әдебиеттанудағы аталмыш зерттеу тәсілдерімен қосыла күрделі синтез тұрғысында өмір сүруге мәжбүр болуда.

Резюме

В статье в контексте межкультурного диалога рассматривается специфика литературного произведения, в целом. Суть предметности литературного произведения, главным образом анализируется в соответствии с теоретическими предпосылками структуралистического, герменевтического и семиотического метода художественного слово.

Ж. ШӘРБЕКҰЛЫ,

Қытай халық республикасы,

«Іле көші» газетінің тілшісі, әдебиеттанушы ғалым

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТҮЙЕ ҰҒЫМЫ

Есте жоқ ескі замандардан тартып халқымыз кең байтақ сахарада төрт – түлік малдың етін жеп, сүтін ішіп және оны аяқ артар мықты көлігі, жүк артар қатынас тасымалы етіп күн көріп келді. Сондай ақ қазақ тіршілік тынысы болған осы төрт түліктің сырын алып, сынын түйіп бағып өсірудің бабын жетік меңгерді. Жылдың төрт маусымында әр түлікке жайлы қоныс іздеп, шөбі шүйгін, суы мол жерді сағалап, көшіп қонып жүрді. Ендеше «төрт түліктің төресі» атанған түйе түлігінің қазақ мәдениетіндегі образы, ұстаған орны, атқарған рөлі айрықша зерттеуге татитын маңызды тақырыптардың бірі саналады. Қазақтар тым ертеде ақ түйе түлігін киелі есті жануар есептеп, түйе пірі Ойсылқараға табынған. Әрі оны өсіріп көбейткен. Халқымыз бағзы заманнан бастап ақ түйені қатынас тасымал, өндіріс сауда, соғыс, азық түлік, киім кешек, саятшылық, сән салтанат т.б ұшан емін еркін пайдаланып, қоғамдық-экономикалық тіршілігінің негізгі тірегі етіп келді. Қазақ тайпалары соның сақ, ғұн, үйсін, әлен кезінен бастап мал